



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800
Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 6 наурыз

ҚАЗАҚМЫС ЖҰМЫСКЕРЛЕРІН АТТЕСТАЦИЯЛАУДА

«Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-де жаңадан енгізілетін еңбекақы төлеу жүйесінің аясында кейіннен тарифтік ставкалар бекіту үшін басшылардың, мамандары мен қызметкерлерінің біліктіліктерін анықтап, бағалау жасау үшін оларға аттестация өткізу басталды. Бұл жүйені енгізу нәтижелерінің бірі қызметкерлердің еңбекақыларын елеулі түрде жоғарылауы болады. Компанияда жаңа жүйені кезеңдеп енгізу өткен жылдың жазынан бері жүзеге асырылып келеді. Аттестация әр қызметкердің білімдері мен машықтарын тиімді қолдануға, кадр саясатының артықшылықтарының бірі ретінде бағаланатын адами талаптарын айқынырақ ашуға бағытталып отырған процестің кезекті кезеңі саналады. Аттестация барысында қызметкерлер атқарып жүрген қызметтеріне лайықтығын анықтау емтиханынан өткізілетін болады, сондай-ақ біліктіліктерін жоғарылату қажеттілігі анықталатын болады. Аттестация компанияның барлық аймақтардағы 15-ға жуық қызметкерлерін қамтитын болады және де көктемнің соңына дейін созылады.

Сонымен қатар, корпорацияның барлық кәсіпорындарында 20 ақпанда басталған жұмысшы персоналдың біліктіліктерін растау жөніндегі жоспарлы рәсімі жалғасуда. Бұл рәсімге техникалық жағынан даярлану ісі бірнеше айды алды, өйткені Қазақмыстың барлық кешендері мен филиалдарындағы 40 мыңнан астам жұмысшыларды қамтиды. Бұл рәсім екі кезеңде өткізіледі – тестілеуден өткен соң кәсіби білімдерін тексеруге және қауіпсіздік техникасын білулерін тексеру үшін еңбекақы төлеудің уақытылы жүйесімен еңбекақы алатын жұмыскерлердің әрқайсысымен сұхбат өткізіледі, соның барысында жұмысына қаншалықты қанағаттанатындығы дәрежесін, кәсіби жоғарылаудағы жоспарларын, ұжымындағы қарым-қатынастарды және тағы басқаларын анықтап алу маңызды болады. Ал еңбегіне қарай ақы төлеу жүйесіндегі жұмыскерлер үшін біліктілік сынама жұмыстардан өту өту көзделіп отыр. Жалпы алғанда, тестілеу процестері аяқталған кәсіпорындарда келесі кезең – біліктіліктерін растау рәсіміне көшуде. Негізінен, Қазақмыстың жұмыскерлерінің басым көпшілігі бірінші кезеңнен сүрінбей сәтті өтуде.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшу, яғни нақты бір лауазымдағы қатардағы қызметкердің тиімділік көрсеткіші мен разрядтары есепке алынған дифференциалданған көзқарасты, жоспарлы көрсеткіштерге тәуелді болмайтын жалақыдағы тұрақты бөліктің жоғарылауын, сонымен қатар, қауіпсіздік техникасының нормаларын сақтағаны үшін, рационализаторлық ұсыныстары мен ресурстарды үнемдегені үшін берілетін сыйақы бөлігін білдіреді.

Төменде түрлі разрядтағы және әрқалай біліктері бар мамандықтағы жұмыскерлер үшін еңбекақыларды өсірудің мысалдары келтіріліп отыр:

Мыс зауытының 4 разрядтағы конверторлаушысы
(93 662 теңге болған – болатыны 117 278 теңге);

Мыс балқыту зауытының 5 разрядтағы балқытушысы
(107 776 теңге болған – болатыны 132 716 теңге);

Кен байыту фабрикасының 3 разрядтағы флотаторы
(65 349 теңге болған – болатыны 105 350 теңге);

Кен байыту фабрикасының 3 разрядтағы үгітуші машинисі
(71 445 теңге болған – болатыны 103 001 теңге);

4 разрядтағы слесарь, электрослесарь, электромонтер (жерасты)
(86 918 теңге болған – болатыны 130 390 теңге);

5 разрядтағы (жерасты) бекіндірушісі
(115 530 теңге болған – болатыны 154 821 теңге).

Өзінің біліктілігін растап дәлелдей алмағандар болса, төмендетпейтіндей шартта бұрынғы жалақысында қалдырылатын болады, соның өзінде олар өздерінің біліктіліктерін үш ай өткен соң қайта растап бере алатындай мүмкіндікке ие болады.

Аттестациялауды және біліктіліктерді растауды, құрамында жергілікті басшылық, тиісті департаменттер мен қызметтердің өкілдері, кәсіподақ ұйымдары, өндіріс ардагерлері, сондай-ақ тәуелсіз ұйымдардан келген сарапшылар бар комиссия өткізеді. Аттестациялау мен біліктіліктерін растау рәсімдерінің шеңберіндегі барлық іс-шаралар арнайы жарақталған кабинеттерде өткізілуде.

Қазақмыста тау-кен металлургия кешеніндегі басқа да кәсіпорындардағы қызметкерлердің еңбекақыларына үнемі мониторинг өткізіліп тұрады. Еңбекақы төлеу деңгейі бойынша Қазақмыс отандық индустриядағы көшбастаушылардың бірі болып отыр. 2008 жылы тау-кен кәсіпорындарындағы негізгі мамандықтардағы жұмыскерлерге еңбекақылары 2-2,5 есеге, ал қосалқы кәсіпорындардың жұмыскерлерге еңбекақылары 15 пайыздан астам жоғарылатынлған болатын. 2010 жылы қосалқы кәсіпорындардағы жұмыскерлерге еңбекақыларын өсіру 10 пайыз әрі одан жоғары болды. 2011 жылы түрлі бонустармен қоса есептегендегі еңбекақы 15 пайызға жоғарылады.

Бұл аталған қадамдар өзінің білікті кадрларынан айрылмай, оларды дамыту, әрі технологиялы өндірістерді ынталандыру мақсатымен жасалып отыр. Жаңа еңбекақыларынан басқа, осы жылдың өзінде, қызметкерлер жабдықтарды жаңарту, еңбек жағдайлары мен тұрмыстық жағдайларды жақсарту жөніндегі кең ауқымды жұмыстардың алғашқы нәтижелерін бағалай алады. Осы аталған шаралардың барлығы тиімді әрі қауіпсіз өндірістің сапа жағынан өзге деңгейіне жоғарылауға мүмкіндік туғызатын еңбектенудің жаңа философиясын қалыптастыруға бағыттталып отыр.

«Қазақмыс – Қазақстандағы ең ірі деген жұмыс берушілердің бірі. Республикамыздың түрлі аймақтарында орналасқан компанияның кәсіпорындарында 60 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Компанияның шешуші кадр ресурсы жұмысшы мамандықтардағы мамандар болып табылады. Біз осыдан кейінгі алдағы уақыттарда да олардың игіліктері мен біліктіліктерін жоғарылатып отыруға, уәждемелеу мен жоғарғы еңбек көрсеткіштері үшін көтермелеп отыруға баса назар аударып жүреміз» - деп түсініктеді Эдуард Огай, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС Басқарма Төрағасы.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел:+44 20 7901 7882 Тел:+44 78 7964 2675
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел:+44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556
Бақыт Мұқанова	Корпоративтік байланыстар бөлімінің менеджері	Тел: +7 727 3304 556

Мерлин

Дэвид Саймонсон **Тел: +44 20 7726 8400**

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 17 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2010 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,8 млрд.АҚШ долларды құрағанда,Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,2 млрд.АҚШ доллары болған. Топта шамамен 61 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.